



«БІЛІМДІ ҰСТАЗ, БІЛІКТІ МАМАН»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПӘНДІК ҚАШЫҚТЫҚ ОЛИМПИАДАСЫ

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Шымкент қаласы білім басқармасының «№2 оқушылар сарайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынынның және «International Press» орталығы ЖК арасында жасалған меморандум аясында республикамыздағы білікті педагогтарды анықтау және оларды қолдау мақсатында Республикалық қашықтық олимпиадасын өткізеді.

Олимпиада өткізілетін мерзім: 2024 жылы 11-18 қараша аралығы. 1 кезеңмен өтеді.

ЕРЕЖЕСІ

«Білімді ұстаз, білікті маман» Республикалық пәндік қашықтық олимпиадаға білім беру ұйымдарында қызмет жасайтын оқытушылар, мектеп мұғалімдері және мектепке дейінгі ұйым қызметкерлері қатыса алады. «Ұстаз» деген ұлы ұғымға лайық болып, саналы ұрпақ тәрбиелеп, сапалы маман дайындаудың тәсілдерін меңгеріп, сондай-ақ, кітаптағы білім мен өмір иірімдерін үйлестіріп жүрген ұстаздардың білім сапасының көрсеткіші.

I. Республикалық олимпиадаға қатысушыларға:

- Олимпиадаға қатысу туралы анкета формасын толтырған қатысушы Ережеде көрсетілген олимпиаданы өткізу тәртібі және қағидаларымен танысып [Келіседі](#). Сайттағы Бекітілген Ерженің толық нұсқасымен танысуы шарт.

II. Республикалық олимпиаданы өткізілуі мен тәртібі:

- Олимпиада 2024 жылдың 11-18 қараша күндері <https://in-press.kz> сайтында 1 кезеңмен өткізіледі (*Сайтта олимпиада 4 қарашада ашылады*).
- Олимпиада 1 кезеңнен, барлығы 30 сұрақтан тұрады;
- 30 тестті орындауға 50 минут беріледі. Уақыт біткеннен кейін автоматты түрде тестілеу тоқтатылады.

- Әрбір тапсырманың бір ғана дұрыс жауабы бар және тест нұсқалары екінші рет қайталанбайды;
- Тестілеу уақыты біткеннен кейін автоматты түрде аяқталады;
- Олимпиадаға төлем жасағаннан кейін ғана қатысу мүмкіндігі ашылады;
- Тестілеудің нәтижесін қатысушы тестті орындағаннан кейін бірден біле алады;
- Қатысушы тек бір рет қатыса алады.

III. Республикалық олимпиадаға қатысу тәртібі:

1. <https://in-press.kz> сайтына өтіп Олимпиадаға қатысу батырмасын басылады.
2. Анкета қатесіз толтырылып, пәніңіз таңдалады. Егерде алдын сайтта тіркелмеген болсаңыз қосымша құпия сөз ойлап табу қажет етіледі. (Кейінгі уақытта анкетаны толық толтырмай бірден телефон нөміріңіз бен құпия сөзді теріп жеке кабинетіңізге кіру арқылы қатыса аласыз.
3. Телефон нөміріңізді растап, смс коды енгізіледі.
4. Төлем картасы реквизиттерін теру арқылы немесе Kaspi QR арқылы төлем (2000 теңге) жасалады.
5. Автоматты түрде тест шығады.
6. Тестті орындау.
7. Нәтижені алып, марапат қағазы жүктеп алынады.

IV. Республикалық олимпиадаға қатысу бағасы:

- Педагогтарға: бір реттік тест – 2000 (екі мың) теңге (Бір қатысушы тек бір рет ғана қатыса алады).

V. Байқау жеңімпаздарын марапаттау рәсімі

Олимпиада қорытындысы бойынша 20 ұпайдан жоғары ұпай алған қатысушылар жүлделі орындармен марапатталады. Олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне Бас жүлде, I, II, III дәрежелі дипломдар беріледі.

Орын ұпайлары:

Бас жүлде – 30 ұпай Құрмет грамотасы (электронды нұсқа)
I орын – 28-29 ұпай I ДӘРЕЖЕЛІ ДИПЛОМ (электронды нұсқа)
II орын – 25-27 ұпай II ДӘРЕЖЕЛІ ДИПЛОМ (электронды нұсқа)
III орын – 20-24 ұпай III ДӘРЕЖЕЛІ ДИПЛОМ (электронды нұсқа)

Бас жүлде алған педагогтар Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Орта білім беру комитетінің 2024 жылғы 20 мамырдағы №20-1-20-7/3360-И хатына сәйкес толықтырылған басылымдар тізіміне енгізілген:

1. *«Алтын ұя» ғылыми-ақпараттық газеті;*
2. *«Жас ғалым» ғылыми – танымдық журналы;*
3. *«Мектеп» ғылыми – әдістемелік, педагогикалық журналына мақала жариялау ақысыз түрде қабылданады*

Жинақ <https://in-press.kz> сайтына жарияланады.

Қосымша ақпарат алу телефоны: +7(775) 053-43-40